



## БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

город Павлодар

№ \_\_\_\_\_

**№109-НҚ:28.11.2025**

**«Экибастузские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу қызметіне 2026 жылғы 1 қаңтар – 2026 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге тариф және тарифтік смета бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасына, 8-бабының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 26, 28 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ережені басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Экибастузские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу қызметіне 2026 жылғы 1 қаңтар – 2026 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге тариф және тарифтік смета осы бұйрыққа берілген қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша Департаменті» РММ табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Экибастузские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

3. «Экибастузские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу қызметіне арналған тариф туралы тұтынушыларды заңмен белгіленген мерзімде ақпараттандырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары К.Б. Байғожановаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басшы**

**Н. Нұрмұратов**



Басшының орынбасары \_\_\_\_\_ К. Байгожанова  
ТМБР бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_ К. Кишкентаева  
ЗББТАҰЖ бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_ Д. Монтаев  
ТМБР бөлімінің бас маманы \_\_\_\_\_ М. Жүсіп



## БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

город Павлодар

№ \_\_\_\_\_

№109-НҚ:28.11.2025

### **Об утверждении тарифа и тарифной сметы на услуготоварищества с ограниченной ответственностью «Экибастузские тепловые сети»»по передаче, распределению и реализации тепловой энергиина периодс 1 января 2026 года по 31декабря2026 года**

В соответствии с подпунктом 2) статьи 6, подпунктом 10) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», пунктами 26, 28 Правил формирования тарифов, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90, руководствуясь Положением о Департаменте Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить тариф и тарифную смету на услуготоварищества с ограниченной ответственностью «Экибастузские тепловые сети» по передаче, распределению и реализации тепловой энергиина период с 1 января 2026 года по 31 декабря 2026 года, согласно приложению к настоящему приказу.

2. Отделу регулирования естественных монополий и цен РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области» довести настоящий приказ до сведения товарищества с ограниченной ответственностью «Экибастузские тепловые сети».

3. Товариществу с ограниченной ответственностью «Экибастузские тепловые сети» в сроки, установленные законодательством, информировать потребителей о тарифе на услугу по передаче, распределению и реализации тепловой энергии.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя руководителя Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области Байгожанову К.Б.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания, за исключением пункта 1 настоящего приказа, который вводится в действие с 1 января 2026 года.

Руководитель



Н. Нурмуратов